

## **Ұтыс ойынына қатысу Ережелері**

1.1. Ұтыс ойынына Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, 18 жасқа толған, әрекетке қабілеттілігінен айырылмаған және шектелмеген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жеке басын куәландыратын құжаты бар азаматтар (бұдан әрі – «Қатысушылар») қатыса алады.

1.2. Ұтыс ойынына шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар қатыса алмайды.

1.3. Ұтыс ойынына Ұйымдастырушының қызметкерлері, онымен үлестес тұлғалар, осындай қызметкерлердің отбасы мүшелері, сондай-ақ осы Ұтыс ойынын ұйымдастыруға немесе өткізуге тікелей қатысы бар кез келген басқа заңды тұлғалардың қызметкерлері мен қызметкерлерінің отбасы мүшелері қатыса алмайды. Ұйымдастырушы Қатысушының жеке басын және жасын куәландыратын құжаттарды тексеру құқығын өзіне қалдырады.

### **2. Ұтыс ойынына Қатысушы мыналарға құқылы:**

2.1. <https://changan-auto.kz> сайтындағы Ұтыс ойынының Ережелерімен танысу

2.2. Осы Ережелерде көзделген тәртіппен Ұтыс ойынына қатысу.

### **3.3. Ұтыс ойынына Қатысушы мыналарға міндеттенеді:**

3.1. Ұтыс ойынына қатысуға және жүлделерді алуға байланысты барлық әрекеттерді Ұтыс ойынының Ережелерінде белгіленген мерзімде орындау.

3.2. Ұйымдастырушының өтініші бойынша қосымша сыйақы төлемей сыйлық иегерлері болып танылуына байланысты жарнамалық мақсатта сұхбат беруге, фото және бейнетүсірілімге қатысу. Ұтысқа қатысу фактісі Қатысушылар өздерінің дербес деректерін (аты-жөнін, тегі мен әкесінің атын қоса алғанда), телефон нөмірін, суретін, фото және бейнематериалдарын Ұйымдастырушы Changan Auto Kazakhstan, Astana Motors ілгерілетуге бағытталған жарнамалық және өзге де коммерциялық мақсаттарда қандай болмасын нысанда қосымша келісім алмай-ақ пайдалана алатынына келісімін береді. Қатысушылар қосымша сыйақы төлемей, өздерінің қатысуымен дайын фото және бейнематериалдарды жариялауға келіседі. Қатысушының фото немесе бейне түсірілімнен бас тартуы Ұйымдастырушы үшін жүлдені беруден бас тартуға негіз болып табылады.

3.3. Ұтыс ойынына қатыса отырып, Қатысушы <https://changan-auto.kz> сайтында орналастырылған осы Ережелермен танысқанын және келісетінін растайды, сондай-ақ Қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растайды. Ережелермен келісу толық, сөзсіз және қайтарылмайтын болып табылады.

3.4. Қатысушы Ұтыс ойынының соңына дейін тіркеу кезінде берілген нөмірмен бірге экраннан скрин суретін сақтауы керек.

3.5. Ұтыс ойынына QR-кодты сканерлеген, 2024 жылғы 27 қаңтарда сағат 16:00 бастап 18:00 дейін Changan Alsvin автомобилінің тұсаукесерінде тіркеу нысанын толтырған іс-шара қонақтары қатысады, көрсетілген уақыттан кейін келіп түскен барлық өтінімдер қаралмайды және Ұтыс ойынына қатысуға жол берілмейді.

3.6. Бір Қатысушы тек 1 сыйлық алуға құқылы.

3.7. Барлық Қатысушылар Ұтыс ойынына қатыса отырып, оның Ережелерімен келіседі, оларды ұстануға және орындауға міндеттенеді. Егер Қатысушы Ұтыс ойынының ережелерін бұзса немесе деректерді бұрмалау және/немесе жүлдені алу үшін алдау фактісін жасаса, ол жүлдені алу құқығынан айырылады.

3.8. Ұтыс ойынын өткізу кезінде Қатысушы жүлдені алу үшін іс-шараның өткізу орнында болуы тиіс, олай болмаған жағдайда басқа жеңімпаз таңдалады.

#### **4. Ұйымдастырушы мыналарға құқылы:**

4.1. Осы Ережені бұзғаны анықталған жағдайда Ұтыс ойынының жеңімпазына жүлдені тапсырудан бас тарту.

4.2. Қатысушы осы Ережелерге сәйкес келмеген немесе оны бұзған жағдайда жүлдені алмауына байланысты талапты/ наразылықтарды қанағаттандырудан бас тарту.

4.3. Қатысушы осы Ережелерге сәйкес келмеген немесе бұзған жағдайда Қатысушы жүлде иегері деп танылмауға тиіс.

4.4. Ұйымдастырушы Қатысушылар талап етпеген немесе олардан бас тартқан жағдайда Қатысушылардың жүлделерді алмағаны үшін жауапты болмайды.

4.5. Жүлде иегері болған Қатысушы жүлдені алудан бас тартқан не Қатысушы осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Ұйымдастырушы жүлдені Ұтыс ойынының шарттарына сәйкес таңдалған басқа Қатысушыға беруге не жүлдені Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілмен қолдануға құқылы.

4.6. Ұйымдастырушы Ұтыс ойынын өткізу тәсілін таңдау құқығын өзіне қалдырады.

#### **5. Осы Ережелерге толықтырулар**

5.1. Осы Ережелерде көзделмеген барлық жағдайда Ұйымдастырушы мен Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

**Ұтыс ойынының жеңімпазы кездейсоқ түрде анықталады.**